



«МАМАНДЫҒЫМ – МАҚТАНЫШЫМ»

Түлектерге мамандық таңдауда бағыт көрсетіп, ықпалы мен шығармашы қатар жүретін денсаулық сақтау саласы жайлы мағлұмат беру мақсатында Б.Қолдасбаев атындағы мектепте «Кәсіп-фест» атты медицина саласы қызметкерлерімен кездесу өтті.

12 бөм



ГЛАВНЫЙ ПРИЗ ПЕРЕШЕЛ ИЗ УКРАИНЫ В КАЗАХСТАН

Оригинальным способом представить студенческие таланты отличится Костанайский педагогический колледж. Здесь в третий раз проводится творческий конкурс по аналогии с «Евровидением». Он получил название «StudentVision», в участие в нём приняли студенты трёх колледжей.

стр. 13

## «Ең үздік еріктілер»



**«Жастар жылына» орай Арқалық политехникалық колледжінің жастар ісі жөніндегі комитет жетекшісі А.Х. Байжуминаның ұйымдастыруымен колледжішілік топтар арасында «Ең үздік еріктілер» атты байқау өтті. Барлығы 12 топ қатысқан сайыс 4 кезеңнен тұрды.**

Атап өтер болсақ: топтың аты, ұраны; әуенді қозғалыс – «флеш-моб»; «ең үздік қайырымдылық акциясы» (қаламыздағы әлеуметтік қолдауға мұқтаж жандарға көмек көрсетіп, қоғамдық ұйымдармен бірлесе жұмыс істеу) және «құстарды қорықтануға ат салыс» атты құстарға ұя жасау сыйнды кезеңдерді қамтыды. Ал атқарылған жұмыстар презентация арқылы көрсетіліп, қорғалды.

Байқауға жастар ресурстық орталығының маманы, қалалық «ZhasA» еріктілер штабының жетекшісі Дүйсен Қияшев, «Нұр Отан» партиясы Арқалық қалалық филиалының кеңесшісі Жан-

дос Рахметов, колледжіміздің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.С. Ахметова қазылық етті. Барлық топтар сайыстан сүрінбей өтіп, ұйымшылдық көрсете білді. Көрермендерге балалардың жасаған қайырымдылық акциясы ерекше ой қалдырды. Бір топ қаламыздағы жағдайы төмен отбасыларға көмек қолын созса, енді біреулері қала сыртындағы ардагер тұрғындарымыздың үйіне барып, қолғабыс жасаған.

Қатысушылар қайырымдылықты белгілі бір уақытта ғана емес, күн сайын кез келген жерде, кез келген уақытта жасауға болатындығын тағы бір мәрте дәлелдеді. Нәтижесінде «Ең үздік еріктілер» атағын «ТО-31» тобы жеңіп алды. Ал «Ф-21» тобы жасаған игі істерімен 1-орынды иеленсе, «ТО-21» тобы 2-орынға ие болды. Ал «Оп-17» тобы 3-орынды місе тұтты. Қатысушы топтар алғыс хатпен марапатталып, Арқалық қаласындағы «Ая» ЖШС тәтті тоқаштары сыйға тартылды.

**Мадина БОЛАТАБАЙ,**  
Арқалық политехникалық колледжінің  
3-ші курс студенті